

"Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N 932 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімдік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

2 1

қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 3 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспары

Мазмұны

1-бөлім. Ұлттық компанияның жай-күйі мен даму перспективалары туралы баяндама

1. Кіріспе

"Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" (бұдан әрі - Компания) акционерлік қоғамының даму жоспары "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысын орындау үшін әзірленген.

Компания "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Қазақ ақпарат агенттігі" (бұдан әрі - ҚазААГ) Республикалық қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 қарашадағы N 1186 қаулысымен жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын ашық акционерлік қоғам ретінде құрылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2002 жылғы 20 желтоқсандағы N 250 бұйрығымен бекітілген Жарғысына сәйкес Компанияның миссиясы - елдің сыртқы және ішкі саясатын ақпараттық қолдауды жүзеге асыратын ұлттық ақпарат агенттігін қалыптастыру, әлемдік ақпараттық кеңістікте Қазақстанның оң имиджін қалыптастыру және қолдау болып табылады.

Ақпараттық қызметтер нарығында Компания қызметі 80 жылдан астам уақыт өз қызметін жүзеге асырған және республиканың бірден-бір мемлекеттік ақпарат агенттігі болып табылған бұрынғы ҚазААГ (бұрынғы - ҚазТАГ) жұмысының бағытын жалғастыруда және дамытуда.

Компания ҚазААГ-тың құқықтық мұрагері бола отырып, өз қызметінің негізгі бейінін сақтап қалды. Компания бүкіл республика бойынша тілшілер пункттерінің кең тарамдалған желісіне ие, бұл Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірінде болып жатқан оқиғалар туралы жедел әрі ақиқатты ақпарат ұсынуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Нью-Йоркте, Брюссельде, Мәскеуде, Пекинде, Ташкентте және Бішкекте шетелдік тілшілер пункттері бар.

Құрылтай құжаттарын "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында атауының ашық акционерлік қоғамнан акционерлік қоғамға өзгеруіне байланысты Компания 2004 жылғы 28 шілдеде Астана қаласы бойынша Әділет департаментінде қайта тіркеуден өтті.

Компанияның жарғылық капиталының мөлшері 45950000 (қырық бес миллион тоғыз жүз елу мың) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталы 45950 (қырық бес мың тоғыз жүз елу) дана жай атаулы акцияларға бөлінген, әр акцияның номиналдық құны 1000 (бір мың) теңге.

Компания өз құрамында жеке құрылымдық бөлімшесі бар (Алматы қаласында бюро) бір орталықтан басқарылатын біртұтас заңды тұлға болып табылады.

Ұйым құрылымында еншілес компаниялар жоқ.

Компанияны басқаруды:

басқару органы - Директорлар кеңесі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қыркүйектің N 1051 қаулысымен бекітілген);

атқарушы органы - президент жүзеге асырады.

Компанияны корпоративті басқарудың қазіргі моделі функционалдық міндеттердің ұтымды бөлінуін және Компания қызметінің ерекшелігін ескере отырып, барлық құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді көздейді.

Компанияның ұйымдық құрылымының қазіргі моделі компанияның негізгі қызметінің ерекшелігін ескере отырып анықталды. Компания қызметінің негізгі өнімі - ақпараттық қызмет көрсету болып табылады. Ақпараттық өнімді қалыптастыру және іске асыру функцияларды ұтымды бөлу мен өндірістік тізбенің әрбір буынының үйлесімділігіне байланысты.


Өндіру процесінің бастапқы кезеңі ақпараттық өнімдерді шығарудың базалық негізін құрайтын материал жинау болып табылады. Материалдың сапасы мен көлемі тілшілер желісінің деңгейі мен аумақтық қамтылуына, сондай-ақ жұмыс істейтін тілшілердің біліктілігі мен кәсіби шеберліктеріне тікелей байланысты. Компанияның әлемдік ақпараттық кеңістіктегі қызмет аясын кеңейту тарамдалған шетелдік тілшілер желісінің болуын талап етеді.

Екінші кезең - ұсынылған материалдарды өңдеу мен іріктеуді, оны іске асыру үшін дайын өнімге айналдыруды қамтиды. Көрсетілген жұмысты бас редакциялар, сондай-ақ ұйымдық құрылымның екінші блогы болып табылатын тақырыптық жаңалықтар қызметтері жүзеге асырады.

Үшінші кезеңде дайын өнімді іске асыру мен ақпарат нарығында жылжыту жүзеге асырылады. Өнімді іске асыру процесі, өзіне сондай-ақ оны жіктеп бөлу әрі компания қызметін жоғары тұтынушылық сұраныспен сипатталатын түйінді бағыттарға бағдарлау үшін маркетингтік зерттеулер жүргізуді, ақпараттық өнімді тұтынушылардың нысаналы топтарын, пайдаланушылар шығарылған өнімге қоятын негізгі талаптарды анықтауды қамтиды.

Осы кезеңде Компанияның ұйымдық құрылымының үшінші блогы жұмысқа тартылады. Сонымен қатар, үшінші блоктың міндеттеріне өндіріс процесіне тартылған барлық құрылымдар жұмысын техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету кіреді.

Компанияның ұйымдық құрылымы



Бас редактор	Ақпарат жетекшісі	Қаржы-экономика бөлімі
Ақпараттық-анықтамалық қамтамасыз ету редакциясы	Құқықтық және ұйымдастырушылық-кадрлар жұмысы бөлімі	Жарнама маркетингтеу бөлімі
Алматы қаласындағы тілшілер бюросы		
Қазақ редакциясы	Компьютерлік жүйелер және байланыс бөлімі	
Орыс редакциясы	Әкімшілік-шаруашылық қызметі	
Ағылшын редакциясы		
Ақпараттық жобалар редакциясы		
Үкіметнің веб-сайтының редакциясы		

нарығындағы бәсеке деңгейін жоғары деп бағалауға болады.

Бұл ретте, бәсекелестердің нарықтың біршама ұқсас сегменттеріне (БАҚ, мемлекеттік органдар, ірі компаниялар) жұмыс істейтінін және икемді тариф саясатын (өнімді іске асыру ұйымның бюджетіне қарай қойылған баға бойынша жүзеге асырылады) пайдаланатындықтарын атап өту қажет.

Бүгінде Компанияның өнімін жаздырып алушылардың 35,2% - БАҚ, 17,6% - мемлекеттік органдар мен ұйымдар, 43,5% - кәсіпорындар, 3,5% - жоғары оқу орындары құрайды. Бұл ретте алдын ала жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша Компанияның ақпарат нарығындағы үлес салмағы - 15-20% құрайды.

Ақпарат нарығындағы қатысу үлесінің аз болуы Компанияның тек 2002-2003 жылдар ішінде ғана халықаралық ақпарат нарығына белсенді қатысушыға айналуымен түсіндіріледі, осыған байланысты тұрақты клиенттік базаны толықтыру, Компания өнімінің таратылу аймағын кеңейтуді жолға қою процесі жүруде. Осы тұрғыдан алғанда Компанияға жаңа клиенттер іздеу; тұрақты клиенттермен жеке жұмыс істеу (жеңілдікті кезеңдер жүйесі, дербес көзқарас) жөнінде жұмыстар жүргізіліп отыр. Мемлекеттік тілде басып шығарылатын немесе хабар тарататын бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік тілде шығарылатын бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты 50% шегерім ұсыну тәжірибесі жалғастырылады. Мемлекеттік органдарды қоса алғанда, нарықтың басқа да қатысушыларына қатысты ақпаратты ақылы негізде ұсыну практикасы даму алады.

БАҚ-тың 40-70% құрайтын ірі өкілдері, яғни мыналар "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақстан" РТРК" АҚ, "Рахат-ТВ" медиа-холдингі, "Казахстанская правда" республикалық газеті" ААҚ, "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" ААҚ, "Алма-Медиа" БҮ" және т.б. Компанияның негізгі клиенттері болып табылады және келешекте де қала береді.

Негізгі жазылушылар қатарында екінші болып мемлекеттік басқару органдары (орталық және жергілікті) - 30-50% тұр.

Ірі кәсіпорындар, сондай-ақ жоғары оқу орындары мен кітапханалар да - 20-30% маңызды клиенттер болып табылады.

Жоғарыда атап өтілгеніндей Компания толық мемлекеттік тілде шығарылатын немесе хабар тарататын БАҚ-қа, сондай-ақ өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарына орасан зор назар аударады.

Компания өзара тиімділік негізінде басқа елдердің осындай ақпарат агенттіктерінің бірқатарымен ынтымақтастық орнатып отыр. Олардың ішінде: ИТАР-ТАСС, "МТИ-Венгрия" АА, "Xinhua" ҚХР АА, "УкрИнформ" АА, "Кабар" Қырғыз ақпарат агенттігі, "Белта" Беларусь Республикасының ақпарат агенттігі, "Ташкент" АА, Молдавияның ақпарат агенттігі, АзерТАГ және т.б. ақпараттық агенттіктер бар.

3. 2002-2004 жылдардағы өндірістік-қаржы қызметін талдау

Параграф 1. 2002-2003 жылдардың қорытындылары

Компанияның 2002-2003 жылдардағы өндірістік-қаржы қызметінің нәтижелері бойынша мынадай кірістер серпіні қалыптасты: (1-кесте)

1 - к е с т е
2002-2003 жылдардағы кірістер құрылымы:
(мың теңге)

Көрсеткіштер	Бірлік өлшемі	2002 жыл есеп	2003 жыл есеп	2003 жыл % есебімен 2002 жылға
Барлық кіріс, с.і:	мың теңге	22 015	100907	458
Негізгі қызметтен түсетін кіріс (ақпараттық қызметтер)	мың теңге	19 831	99 683	503
Кірістердің барлығы, %	%	90,1	98,8	
Өзге де кірістер	мың теңге	2184	1224	56
Кірістердің барлығы, %	%	9,9	1,2	

1-кестенің мәліметтерінен 2002-2003 жылдары Компания қызметінің негізгі түрі үлестік көрінісі 90% құрайтын ақпараттық қызметтер көрсетуді ұсыну болғаны көрініп тұр.

Маңызды фактілердің бірі - Компанияның 2002-2003 жылдары ақпараттық қызмет көрсетулерді ұсыну жөніндегі мемлекеттік сатып алу конкурсын жеңіп алғандығын атап өту қажет. Атап айтсақ, 2002 жылы мемлекеттік тапсырыстың сомасы 18 млн. теңгені, 2003 жылы - 74,9 млн. теңгені құрады, бұл Компанияның өндірістік және қаржылық қуатының өсу қарқынын көрсетеді. Компанияны дамытуға және жарақтандыруға 2003 жылы қосымша 75,1 млн. теңге бөлінді, бұл оның негізгі қорларын толықтыруда көрініс тапты.

2002 жыл көрсеткіштерімен салыстырғанда 2003 жылы кірістің - 100907 мың теңгеге дейін, яғни, 78 892 мың теңгеге немесе 358 %, оның ішінде қызметтің негізгі түрі бойынша - 79 852 мың теңгеге немесе 403% өскені байқалады.

Бұл өсім бірінші кезекте, өндіріс көлемінің ұлғаюымен, тұтынушылар санының өсуімен сипатталады, ал бұл тиісінше Компания бюджетінің шығыс бөлігінің артуына да әсер етті.

2002-2003 жылдар кезеңінде Компания шығыстары абсолюттік мәнінде 78 946 мың

теңгеге немесе 332% өсті. Бұл ретте шығыстың өсу қарқыны 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы шығыстар өсімінің қарқынынан 7,8% асты.

2 - к е с т е

2002-2003 жылдардағы шығыстар

(мың теңге)

2002 жыл есеп	2003 жыл есеп	2003 жылы 2002 жылға қарағанда % -бен
23799	102745	432

Ақпараттық өнімдер өндірісінің өсуін жандандыру, жаздырып алушылар санын өсіру жөніндегі қабылданған шаралар, ұсынылатын өнім сапасын көтеру, тілшілер желісін одан әрі ұлғайту шаралары - Компанияның белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік берді.

2002 және 2003 жылдардағы өндірістің көрсеткіштерін салыстырған кезде өндірістік өнімнің жалпы көлемінде шетелдік редакцияның үлесінің өскендігін айтуға болады (1-сурет). Компания жаңалықтардың ағылшын тілінде шығуына ерекше көңіл бөлетіндігін осы факті айғақтайды, бұл Компанияның халықаралық геоақпараттық кеңістіктегі ықпалдастыққа ұмтылуына маңызды рөл атқарады.

1-сурет. 2002-2003-жылдары редакциялар бойынша айына шығарылған өнімдер (жаңалықтар) көлемінің диаграммасы

(суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

Компанияның өндірістік қуатының өсуін егжей-тегжейлі қарау кезінде шығарылатын жаңалықтардың өнімдік саны 2003 жылы 2002 жылмен салыстырғанда абсолюттік мәнінде жылына 15204 немесе 83,4%-ға өскен (2-сурет).

2-сурет Ақпараттық қуаттың өсу қарқыны*
(1900 баспа белгісі болғандығы жаңалықтардың орташа көлемінде ай сайын шығарылған жаңалықтар көлемі)

* Ескерту: ақпараттық қуатты есептеуде фотоматериалдар өндірісі есептелген жоқ

(суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

Компанияның 2002 жылғы ақпараттық қуатының көрсеткіштері

- күніне орта есеппен А2-78 жаңалықтар форматының 4,21 газет беті (1900 таңба)
 - айына орта есеппен 82,28 бет - 1 520 жаңалық
- жылына 988 бет - 18 240 жаңалық

Компанияның 2003 жылғы ақпараттық қуатының көрсеткіштері

- күніне орта есеппен А2- 139 жаңалықтар форматында 7,5 газет беті (1900 белгі)
 - айына орта есеппен 150,9 жол - 2 787 жаңалық
- жылына 1811 жол - 33 444 жаңалық

Алайда, өндірістік қуаттар қарқыны біршама өскенімен, талдау жүргізіліп отырған кезеңде Компания рентабельділіктің межелі деңгейіне шыға қойған жоқ, яғни оның төлем жасау қабілетін, қаржылық тұрақтылығын және қарыз қаражатын қайтара алуының ықтимал мүмкіндігін сипаттайтын көрсеткіштері қаржылық қатынастардың барлық қатысушыларының экономикалық мүдделерін тиімді іске асырудың кепілі бола алатын деңгейге жете алған жоқ.

Төменде келтірілген кестеден Компанияның қаржылық жағдайын нығайту жөніндегі оң үрдісті байқауға болады. Мысалы, 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы ақша қаражатының көлемі 4,4 есе өсті, оның өсуі ақшалай қаражаттың мөлшерімен және қысқа мерзімді міндеттемелер сомасымен өзара байланысты. Бұл ретте ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерге арақатынасы ақша түсімдерінің шамалы ғана бөлігін қамтитынын атап өту қажет, сондықтан да Компания теңгерімінің өтімділігін талдау шамалап беріліп отыр.

3 - к е с т е

Өтімділік көрсеткіші

Коэффициенттер	2002 жыл	2003 жыл
ағымдағы өтімділік	0,37	2,59
мерзімді өтімділік	0,19	0,26
абсолютті өтімділік	0,029	0,050

Дегенмен, Компания құрылған уақыттан бергі 2 жылда белгілі бір қаржылық нәтижелерге қол жеткізгенін атап өту керек: негізгі құралдарды сатып алу және жаңарту есебінен материалдық техникалық база күшейтілді, шығарылатын өнімнің көлемі ұлғайтылды, ұсынылатын өнімдердің түр-түрі жақсартылды, өнірлердегі және шет елдердегі тілшілер желісі кеңейтілді.

4 - к е с т е

Негізгі құралдар

(мың теңге)

	2002 жыл	2003 жыл
НҚ активтердегі үлесі	0,76	0,81
Қолданыстағы НҚ үлесі (көлік, құрал-жабдық)	0,59	0,67
НҚ тозу коэффициенті	0,453	0,075

Талдау жүргізіліп отырған кезеңде негізгі қаражаттардың жиынтық өсімі 13 еседен астам өсті, сондай-ақ Компанияның қолданыстағы негізгі құралдарының да үлесі артты, тиісінше негізгі қорларды жаңартуға байланысты негізгі құралдардың тозу коэффициенті азайды. 2003 жылы Компания өзінің активтерін едәуір жаңартты: қазіргі заманғы компьютерлік техника, фотожабдықтар, басқа да негізгі құралдар сатып

алынды. Ескірген құрал-жабдықтар, жиһаздар қазіргі заманғы әрі эргономикалық тиімділерімен ауыстырылды. Осының барлығы өнімнің өндірісіне де оның сапасына да оң әсер етуде.

3-сурет. 2002-2003 жылдардағы негізгі құралдардың өзгеру диаграммасы

(суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

Көптеген сипаттамалар бойынша белгілі бір оң өсім болғанымен, Компания өзінің бастапқы даму кезеңінде мемлекеттің қолдауынсыз (2003 жылы дамуға және жарақтандыруға 75,1 млн. теңге бөлінді) өзінің қуатын біртіндеп арттырып келе жатқан бәсекеге қабілетті ірі ақпараттық агенттік ретінде оны сипаттайтын нәтижелерге қол жеткізуі қиын болар еді.

2002-2003 жылдары салықтық аударымдар ретінде мынадай төлемдер жүргізілді.

5 - к е с т е

2002-2003 жылдардағы салық аударымдары

Бюджетке аударымдардың түрлері	2002 жыл мың теңге	2003 жыл мың теңге
Әлеуметтік салық	1755	9292
Жеке табыс салығы	696	5082
Мүлікке салынатын салық	13	126
Қоршаған ортаны ластағандығы үшін төлемақы	14	8
Көлік құралдарына салынатын салық	5	5
ҚҚС	2040	1140
Барлығы:	4523	15653

Компания қызметінің күшті жақтары ретінде серпінді дамып келе жатқан тілшілер желісін, Компанияның адами қорын (кадр персоналын), сондай-ақ ұлттық ақпараттық агенттік ретіндегі Компанияның мәртебесін атап өту керек.

Компания көптеген бұқаралық ақпарат құралдары тұтынатын ресми ақпараттық дерек көздерінің бірі, себебі жеделдік пен шынайылық - Компания жұмысының маңызды өлшемі болып табылады.

Қалың оқырманға ұсынылып отырған ақпараттың барлығы орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде ұсынылатынын атап өту керек. Сондай-ақ, академик Әбдуәли Хайдардың әдісі бойынша қазақ тіліндегі жаңалықтар латын жазуына ауыстырылып шығып жүр.

Компанияның өз мәртебесі мен елдің ресми тіршілігі туралы хабарларды таратудағы ерекшелігін назарға ала отырып, оларға Компания жұмысында баса назар аударуды қажет ететін бірқатар мәселелер, әрине бар, мұның өзі Компания рейтингіне әсер ететіні күмәнсіз. Сондай-ақ, мемлекеттік құрылымдардың арасында да, ірі және

шағын бизнес саласында да (іскер топтар) Компанияның имиджін көтеруге жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбейтіндігін атап өтпеуге болмайды. Бұл жағдайды түзету қуатты жарнамалық науқандардың өткізілуіне қаражат салуға тікелей тәуелді болады. Осы мәселе бойынша қазіргі заманғы әзірлемелерді пысықтау және енгізу қажет, оларды 2005-2007 жылдар ішінде біртіндеп жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Бұл ретте, өнім түрлерінің кеңейіп отырғанын атап өту қажет. Мысалы, 2003 жылы "Таңғы жаршы" ақпараттық топтамасы, "Елеулі оқиғалар, атаулы күндер, есімдер" күнтізбесі сияқты өнімдердің жаңа түрлері шығарылды.

Параграф 2. 2004 жылдың қорытындысы

Қаржы көрсеткішін қалыптастыру барысында 2004 жылғы мемлекеттік тапсырыс сомасының 101,9 млн.теңге мөлшері ескерілді (Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы 2004 жылғы 20 ақпандағы N 38 ш а р т қ а с ә й к е с) .

Өндірістік-қаржы қызметі қорытындысы бойынша 2004 жылғы жалпы кіріс 131,7 млн. теңгені құрап, 2003 жылғымен салыстырғанда 30,5%-ға немесе 30,8 млн.теңгеге к ө б е й г е н .

Шығын 129,7 млн.теңгені құрайды, оның ішінде жалпы және әкімшілік шығындар - 5 0 , 2 м л н . т е ң г е .

2004 жылғы қорытынды бойынша таза кіріс мөлшері 1 973 мың.теңге, бірақ өткен жылдарғы шығын есебімен (-8 643 мың.теңге) деректер көрсеткіші (-6 670) мың теңгені қ ұ р а д ы .

Осы факторларды ескере отырып, Компания 2004 жылы бойынша үлеспайда төлемдерін жү р г і з б е д і .

2004 жылғы толықтай қорытынды бойынша Компанияның өндірістік, сонымен қатар қаржылық көрсетілімінің өсу бағыты байқалады. Орта есеппен алғанда 2004 жылы ай сайын А2 пішінінде 277,6 баспа беті шығарылды, бұл 2003 жылмен салыстырғанда (151 баспа бет) 83%-ға немесе 1,83 есеге көп.

Осы деректер өндірістік процестің тұрақтанғандығы туралы куәландырып, өндіріс көлемін ұзартады. Компания кірісінің көбеюі және негізгі пайдаланушылар шеңберін к е ң е ю і б о л ж а н у д а .

Компанияның рейтингісін көтеру және жазылушылар санын көбейту мақсатында сайтқа өзгертулер енгізілді. 2004 жылдың желтоқсаны басында сайт дизайны, баннерлердің орналасуы, қарпі толығымен өзгертілді, клиенттердің фотомұрағатқа кіруі жеңілдетілді, жаңа айдарлар енгізілді.

2004 жылдың ішінде Компания қолданыстағы ұстанымдары күшейтілді, сонымен қатар перспективалы ақпараттық нарықтар анықталды. Осы тұрғыдан алғанда 2004 жылдың бірінші тоқсанында Компанияның рейтингісін көтеру бойынша жұмыстар

жасалып, орташа есеппен алғанда ол ТМД елдері мен Ресей аумағындағы 500 ақпараттық агенттік арасында 40 - 50 орын деңгейіне шығып отыр. Сайтқа кіру мониторингін ескере отырып, 2004 жылы күн сайын Компания сайтына орта есеппен 1500 - 2000 адам кіреді. Деректер бойынша Компания өзінің негізгі бәсекелестерін о з а д ы .

2004 жылы ақылы түрде толығымен 116 жазылушы, тегін - 20 жазылушы және ақпарат ауыстыру негізінде 4 жазылушы ақпарат алды. Өнімді іске асыру процесінде күшті және әлсіз жақтарды анықтау жөнінде маңызды жұмыс жасалды, мұның өзі болашақта Компания үшін нарықтың неғұрлым маңызды және тиімді сегменттеріне бағдар алуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, клиенттер базасын сапалы жарнама компаниялары арқылы одан ары кеңейту, сондай-ақ жаңа пилоттық жобалар енгізу, қосымша маркетингтік әзірлемелер жүргізу көзделуде. Компанияның өндірістік қызметін кеңейту шеңберінде ақпараттық нарықтың жаңа талаптарына жауап беретін жаңа өнім түрлерін шығару қарастырылуда.

4. Компания, соның ішінде: Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясына, мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес жүргізілетін іс-шаралар

Компанияның "Қазақстан-2030" стратегиясына, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясына, мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес жүргізетін іс-шаралары, ең алдымен жоғарыда көрсетілген бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттерінің барлығының практикада іске асырылуын ақпараттық қамтамасыз етуден көрінеді.

Қазақстанның индустриялық-инновациялық саясатын жария ету үшін Компания сайтында 2004 жылдың басында "Индустриялық-инновациялық саясат" баннері орналастырылды, онда Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының тарихына, ағымдағы жай-күйіне және перспективаларына қатысты барлық тақырыптар мен мәселелер көрініс тапты.

Бүгін Компанияның стратегиялық міндеттер аясы едәуір кеңейді. Өртүрлі деңгейдегі ірі ауқымды медиа-жобалар және басқа да жасалған әзірлемелерді жүргізу тәжірибесі қоғамның мүдделері мен "2030-Стратегияның" перспективалық мақсаттарына толық жауап беретін міндеттерді шешуге объективті түрде жетелейді.

Компанияның перспективалық міндеттерінің аясына мынадай жобалар кіреді:

1. Астана қаласында болатын II Әлемдік және дәстүрлі діндер съезін жан-жақты, тиімді және жалпы көлемде қамтамасыз ету үшін жан-жақты ақпараттық дайындық жасау және конфессионалдық тақырыптарды алдын-ала жария ету, Компанияның

ақпараттық және ұйымдастырушылық әлеуетін топтастыру және біріктіру.

2. Қызмет көрсететін аппараты бар және біздің мемлекетіміздің қызметінің барлық түрлері бойынша толыққанды және жан-жақты ақпаратпен әлемдік және өңірлік қауымдастықтың өсіп отырған сұранысын қанағаттандыруға арналған ақпарат ағынымен қамтамасыз етілген Халықаралық ақпараттық баспасөз орталығы тұлғасында қуатты ақпараттық медиа-құрылым құру.

Компания қазақстандық қоғамды алдыңғы қатарлы әлемдік қауымдастыққа тиімді де оңтайлы ықпалдастыруды қамтамасыз ететін толыққанды ақпараттық кеңістікке кіріктіру мәселесі бойынша бастамашы және тұжырымдама әзірлеудің белсенді жақтаушысы болғандығын атап өту қажет. Бұл ретте, дамыған елдер бүгінде постиндустриялық дамудың түпкілікті мақсаты ретінде ақпараттық қоғамның тұжырымдамасын жасау және оны құру проблемаларына баса назар аударып отырғанына қарамастан, ТМД аумағында осы бір өмірлік маңызы бар тақырыпқа жеткілікті түрде назар аударылмай отыр.

5. 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспары

Параграф 1. Мақсаттары мен міндеттері (стратегиялық және 2005 жылға арналған)

Компанияның қызметі ақпараттық және насихаттық жұмысты жүргізудің әлемдік стандарттарына сай келуі әрі Қазақстанның демократиялық қоғам ретінде дамуының көрсеткіштерінің бірі болуы тиіс.

Компания қарқынды дамып келе жатқан ұлттық экономика жағдайында өзінің дамуында Қазақстан мен Орталық Азияның өңірлік геоақпараттық кеңістігін қалыптастыруға белсенді қатысудың қажеттілігіне баса назар аударуы қажет. Бұл өзінің техникалық және кәсіби базасын нығайту есебінен жаңалықтар ағынын алу, өңдеу, жүйелеу және тарату саласында Компанияның коммуникативтік және операторлық мүмкіндіктерін күшейтуді білдіреді.

Экономиканың көтерілуімен, іскерлік белсенділіктің жандануымен сипатталатын қолайлы макроэкономикалық факторлар ақпараттық қызметтерге деген көтеріңкі сұранысты қалыптастырды және болжамды кезеңде ақпараттық қызметтер нарығының серпінді дамуын көздейді.

Қазақстанның әлемдік және өңірлік аренасындағы геосаяси белсенділігінің артуы неғұрлым елеулі факторға айналуда. Қазақстанның бітімгершілік және ықпалдастық қызметке белсене қатысуы ақпарат алмасудың неғұрлым тиімді әрі ахуалға барабар нысандары мен тетіктерін іздеуге мәжбүрлейді. Сонымен қатар, әлем жұртшылығының Орталық Азия мен Каспий өңірі сияқты Еуразияның маңызды геостратегиялық ауданына назары артып отырғанын да ескеру керек, ал Қазақстан Республикасы оның

құрамдас және өте маңызды бөлігі болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттің және қазақстандық қоғамның оң имиджін көтермелеу мен оны қолдау шеңберінде ұлттық қана емес, сондай-ақ өңірлік (орталық азиялық немесе каспийлік) ауқымдағы қуатты, тарамдалған әрі жедел ақпарат тарататын агенттік құру неғұрлым көкейкесті міндет болып табылады.

Қазақстан Республикасы және орталық Азия мен Каспий өңірінің ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, ақпарат алу, беру және өңдеу саласында жоғары ақпараттық технологияларды қолдана отырып жұмыс істейтін мықты тілшілер желісі бар ақпараттық-талдау агенттігін қалыптастыру Компанияның 2005-2007 жылдар кезеңіне арналған маңызды мақсаттарының бірі болып табылады.

Компанияның алдағы кезеңге арналған міндеттері мыналар болып табылады:

1. Дамудың бизнес-бағдарлық стратегиясын қалыптастыру және іске асыру;
2. Ақпараттық өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыру;
3. Ақпараттық және техникалық инфрақұрылымды жетілдіру;
4. Ақпараттық материалдардың сапасын жақсарту;
5. Қазақстанның резиденттеріне және шетелдік тұтынушыларға жаңалықтар ақпаратын жеткізуді жедел әрі толық ауқымды сервиспен қамтамасыз ету;
6. Тілшілер желісін кеңейту, сондай-ақ республика ішіндегі және шет елдердегі тілшілер пункттерінің қызметін жақсарту үшін жағдай жасау;
7. Компанияның қызметін қаржылық сауықтандыру жолымен компания қызметінің қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту.

Параграф 2. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізудің жолдарын таңдау

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізуді іс-шаралар кешенін іске асыруды мынадай жолмен жүзеге асыру көзделіп отыр:

1. Ақпараттық агенттіктер мен өндірілетін ақпараттық материалдарға қойылатын қазіргі заман талаптарын ескере отырып Компания қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жүйесін жетілдіру;

2. Мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді, электронды CD-жеткізушісін, сондай-ақ мерзімдік ақпараттық-талдамалық басылымдарды қамтитын ақпаратты шолу, бағдарлау, өңдеу, талдау және сақтау жөніндегі ақпараттық өнімдер кешенінің корпоративті клиенттерге арналған ақпараттық-талдамалық қызмет көрсетудің топтамасын әзірлеу;

3. Ұялы ұтқыр байланыс желілерімен тарату үшін ақпараттық өнімдердің WAP-версияларын әзірлеу. Осы технологияның қарапайымдылығы және кең таралуы ұялы телефонның иесіне неғұрлым маңызды жаңалықтарды қарап шығуына мүмкіндік береді. Ұялы телефондардың интернетке қосылған нарығының кеңеюін ескере отырып,

оларды пайдаланушы жеке клиенттер санын арттыру көзделіп отыр;

4. Интернет арқылы және Компанияның электрондық сайтының пластикалық карточкаларын пайдаланып, ақпараттық материалдарға ақы төлеу үшін электронды коммерцияның бағдарламалық модулін құру;

5. Тиісті құрылымдық бөлімшені құру, сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірдің неғұрлым өзекті салаларындағы ақпараттық бағыттарды мамандандыру жолымен Компания қызметінің талдамалық бағытын дамыту;

6. Кәсіпорынды басқарудың бірыңғай жүйесін - бизнес-шешімдердің және ұйымды басқарудың біріктірілген тұғырнамасын енгізу жолымен қаржы, өндіріс және бухгалтерлік есеп салаларында есепке алуды, кадрларды басқару, сатылған өнімдердің сапасын талдау мен олардың деңгейін болжау, ақпараттық өнімдер шығарылымын бағалауды автоматтандыру;

7. Республика өңірлеріндегі және шет елдердегі негізгі ақпарат көзі болып табылатын тілшілер пункттерінің материалдық-техникалық жаракталуын жақсарту. Тілшілер пункттерін қазіргі заманғы компьютерлік, фото және коммуникациялық жабдықтармен жабдықтау, сондай-ақ өңірлік тілшілердің ұтқырлығы мен жеделдігін едәуір дәрежеде арттыруға мүмкіндік беретін Интернет желісіне қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз ету;

8. Жергілікті және магистральдық желілер жүктемесінің шамадан тыс артуы қаупімен қабаттасатын өндірістік қуаттарды шексіз пайдалануды болдырмай, ақпаратты тұтынушыларға жедел әрі бастапқы жеткізудің технологиялық мүмкіндіктерін кеңейту. Осыған байланысты Компанияның интернет-арналарының өткізгіштік қабілетін ұлғайтып, жақсарту және деректерді берудің жергілікті құрылымын жетілдіру;

9. Шығыстарды оңтайландыру, өндірістік шығындарды азайту, кредиторлық және дебиторлық берешектерді қайта құрылымдау жолымен Компанияны сауықтыру рәсімін жүргізу;

10. Таяу және алыс шет елдермен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру арқылы қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

11. Негізгі тұтынушылық көңіл-күйді, нарық басымдықтарын, баға стратегиясын, сондай-ақ Компанияның бизнес-стратегиясын дамытудың ықтимал жолдарын зерделеу жөнінде маркетингтік зерттеулер жүргізу;

12. Негізгі емес тапсырысшыларға арналған мамандандырылған ақпараттық қызметтер көрсету саласында қызмет көрсету аймағын кеңейтуден қосымша кіріс алу;

13. Менеджменттің қазіргі заманғы деңгейін қамтамасыз ету, консультанттар тарту, әріптес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

14. Инвестициялық жобаларды іске асыру, Компания құнының өсуін қамтамасыз ету.

Параграф 3. Компания жоспарлаған Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар

Компания қызметін әртараптандыру Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының негізгі мақсаттары мен міндеттерін ақпараттық қамтамасыз ету және оларды практикада іске асыруға жәрдемдесу жөніндегі жедел бағдарламаны қабылдауды білдіреді.

Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының негізгі мақсаттары мен міндеттерін ақпараттық қамтамасыз ету және оларды практикада іске асыруға жәрдемдесу жөнінде Компания ақпараттық нарықта қолданылатын, мысалы, онлайн технологиялары сияқты, прогрессивтік технологияларды пайдалануға ұмтылады.

Ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің ең қолайлы әрі технологиялық тәсілі - жаңалық тарататын агенттіктерге ақпаратты, ақпараттық өнімдерді жинау, сақтау, өңдеу және жариялаудың тиімді тетіктерін ұсынатын Интернет болып табылатыны белгілі. Интернеттің онлайндық сипаты жариялаудың дәстүрлі тәсілдерін кемшіліктерінен құтылуға мүмкіндік береді. Онлайн технологиялары жаңалық және талдау өнімдерін жариялаудың дәстүрлі тәсілдерін жоққа шығармайды, тек оларды ұтымды толықтыруға қабілетті.

Онлайн технологияларын игеру:
оқырманмен жеке жұмыс істеуге;
оқырманмен кері байланыс орнатуға, интерактивтілігі - сауалнамалар жүргізуге және олардан жауап алуға;
ұсынылып отырған ақпараттық өнімдер мен қызметтердің (жаңалықтар мен іздеу қызметі) аясын кеңейту мүмкіндігіне;
оқырмандар санын арттыруға;
ақпаратқа қол жеткізудің қолайлығы сияқты сапалық және сандық нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын ақпараттық қамтамасыз ету және оны қолдау шеңберінде Компания тарабынан ағымдағы жылы әзірленіп, Компанияның www.inform.kz ресми сайтына енгізілген "Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы" жобасын одан әрі жетілдіру мен оңтайландыру жөнінде шаралар қабылданды. Бұл Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясының тарихына, ағымдағы жай-күйі мен оны іске асыру перспективаларына қатысты барлық аспектілер туралы толық және егжей-тегжейлі мағлұмат алуға болатын кеңейтілген дерекқор құруға да қатысты.

Параграф 4. Өнім (жұмыстар, қызметтер көрсету) өндірудің даму серпіні

Ұлттық компанияларды дамытудың үлгі жоспарына сәйкес (1-6 нысандары бойынша) әзірленген 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспары, ең алдымен ақпараттық агенттіктер көрсететін ақпараттық қызметтер нарығындағы қазіргі тұғырын сақтауды, сондай-ақ Компанияның дамуына, әсіресе оның қызметін коммерцияландыру саласында дамуына алғышарттар жасауды көздейді.

Сонымен бірге, 2005 жылы кірісті, негізінен, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырыстың көлемін арттыру жолымен ұлғайту көзделеді. Бұл елдің ішкі және сыртқы саясатын ақпараттық қолдаудағы Ұлттық компанияның стратегиялық рөлімен, сондай-ақ әлемдік ақпараттық кеңістікте Қазақстанның оң имиджін қалыптастыру және нығайтумен байланысты.

Алдағы кезеңдерде маркетингтің жаңа тұжырымдамасын енгізу, ағымдағы шығыстар құрылымын түбегейлі өзгерту, негізгі қорларды техникалық тұрғыдан қайта жарақтандыру және ақпараттық материалдардың сапасын жақсарту есебінен клиенттер тобын кеңейту, ұсынылатын өнімдердің сапасы мен санын арттыруды жүзеге асыру көзделеді.

Бұл ретте, 2005 жылы ақпараттық өнімдердің мынадай түрлерін іске асыру есебінен қызметтің негізгі түрінен коммерциялық кіріс алу жоспарланған:

1. "Таңғы жаршы".
2. "Елеулі оқиғалар, атаулы күндер, есімдер" оқиғалар күнтізбесі (ай сайын).
3. "Елеулі оқиғалар, атаулы күндер, есімдер" оқиғалар күнтізбесі (жылдық).
4. "Қазақпараттың" жаңалықтар таспасы.
5. "Ресми жаршы".
6. "Қазақстан - Бизнес".
7. "Қазақпарат Анонс" алдағы аптадағы оқиғаларды алдын ала жария ету күнтізбесі.
8. "Қазақпарат-Фото" фотожаңалықтар таспасы.

2006 жылғы қолданыстағы ақпараттық өнімдермен қатар, ақпараттық материалдармен жұмыс істеудің едәуір кең функционалдық мүмкіндіктеріне ие өнімдердің жаңа түрлері ұсынылатын болады. Бұл ретте ақпараттық материалдардың сапасын жетілдіру, қызметтің талдамалық бағытын дамыту жөнінде алдын ала қабылданып жатқан шараларды ескере отырып, жазылатын оқырмандардың санын шамамен 30% арттыру көзделуде. Сөйтіп, негізгі қызметтен түсетін кіріс көлемін 2004 жылғы 129,5 млн. теңгеден 2006 жылы 227 млн. теңгеге дейін өсіру жоспарланып отыр.

Ұйымның шаруашылық қызметінің барлық жақтарын, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін жалпылама түрде бейнелейтін өнімнің өзіндік құнын төмендету дамудың түйінді міндеттерінің біріне жатады.

Компания қызметінің негізгі бір түрі - жаңалықтардың ақпараттық таспаларын шығару екені белгілі, ал ақпараттық өнімнің құрылымы жағынан өзіндік ерекшелігі бар. Компания шығаратын өнімнің өзіндік құнының құрылымын құраушылар, негізінен мыналар болып табылады:

- өндірістік персонал қызметкерлерінің жалақыларына бөлінетін және зейнетақы мен қамтамасыз етуді әлеуметтік сақтандыру қорларына аударылатын шығыстар;
- байланыс, Интернет шығыстары;
- іссапар шығыстары;
- кеңселік және полиграфиялық шығыстар;
- үй-жайларды және автокөліктерді жалға алу шығыстары.

Бұл ретте, материалдық өндіріс саласынан ерекшелігі, ақпараттық қызметтің өзіндік құнының құрылымында шикізаттарға, материалдарға және өзге де өндірістік шығындарға шығыстар жоқ. Өзіндік құнның негізгі құраушысы, өндірістік персоналдың жалақысына арналған шығыстар болып табылатыны сөзсіз.

Жалпы алғанда, талдау жасалып отырған кезең ішінде жалпы өндірістік шығыстардың құрамы өнім шығаруға арналған жалпы шығынға қатысты өзгере қоймайды. Бұл ретте, еңбекақы төлеу қорына басым түрде негізделген өнімнің өзіне құнының серпіні тұрақты түрде өсіп отырғанын атап өту керек. Мысалы, 2005 жылы өнім шығаруға жұмсалатын шығыстардың жалпы сомасы 114055 мың теңгені, 2006 жылы - 130396 мың теңгені, 2007 жылы 178464 мың теңгені құрайды. Сондай-ақ, бұл 2007 жылы негізгі құралдарды амортизациялау шығыстарын және тиісінше өнімнің өзіндік құны бойынша шығыстардың өсуін туғызатын корреспонденттік желілерді материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі инвестициялық жобаны іске асырудың жоспарлануымен түсіндіріледі.

2004 жылмен салыстырғанда 2005 жыл кезеңі шығыстарының өсуіне қатысты, бұл өсім Компанияның жалпы өсіміне, тиісінше, өндірістік қуаттың ұлғаюымен, өнім ассортиментінің кеңеюімен, өндірістің әртараптандырылуымен байланысты.

Бұл ретте, "Іссапар шығыстары" бабы бойынша шығысты 32%-ға арттыру жоспарланып отыр, бұл ауытқу шетелдік және өңірлік тілшілер желісінің одан әрі кеңеюімен, Компания өнімін тарату аумағының кеңеюімен байланысты, бұл іссапарға арналған шығыстардың ұлғаюына әкеп соғады. Бұл ретте, Компания жылдан-жылға халықаралық іс-шаралардың белсенді қатысушысы болып отыр, көптеген ірі съездер мен форумдарға белсенді түрде қатысып, мамандандырылған көрмелер, экспедициялар ұйымдастырады және қатысады, мұның өзі Компанияның имиджін көтеруге жәрдемдесіп, шығарылатын өнімнің бәсекелестік қабілетіне оң әсер етеді. Жалпы алғанда, Компания әзірге одан әрі даму кезеңінде және ол өзінің негізгі мақсаттарының бірі - әлемдік деңгейдегі қуатты ақпараттық медиа-құрылым болуға ұмтылады.

Сондай-ақ, іссапар шығыстарының артуы "Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шетелдік іссапарларға валюталық қаражаттың

